

Абай облысы әкімдігінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 74 қаулысын күшін жою туралы

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 223 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 желтоқсанда № 203-18 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай облысы әкімдігінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 74 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 42-18 болып тіркелген) күші жойылсын.

2. "Абай облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі

Абай облысы әкімінің бірінші орынбасары

Ш. Байбеков